

**Управление юстиции Алмалинского района
Департамента юстиции города Алматы**

Справка о государственной перерегистрации юридического лица

БИН 990340005769

г. Алматы

23.02.2015

Наименование:

**Республиканское государственное казенное
предприятие "Алматинское хореографическое
училище им.А.Селезнева" Министерства
культуры и спорта Республики Казахстан**

Местонахождение:

**Казахстан, город Алматы, Алмалинский район,
ул. Масанчи, д. 67**

Руководитель управления



К.Кусаинов

**Алматы қаласы Әділет департаменті
Алмалы ауданының Әділет басқармасы**

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама

23.02.2015

Атауы:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрлігінің "А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Орналасқан жері:

Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Масанчи көшесі, 67 үй

Басқарма басшысы



К.Кусаинов



БҮЙРЫК
16 февраль 2015 года
Астана қаласы

ПРИКАЗ
№ *145*
город Астана

**Об утверждении устава
Республиканского государственного казенного предприятия
«Алматинское хореографическое училище имени А. Селознева»
Министерства культуры и спорта Республики Казахстан**

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе», постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2014 года № 1440 «О некоторых вопросах Министерства культуры и спорта Республики Казахстан» и на основании представления Министерства культуры и спорта Республики Казахстан от 27 января 2015 года № 11-01-26/309-И **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемый устав Республиканского государственного казенного предприятия «Алматинское хореографическое училище имени А. Селознева» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан (далее – Училище).
2. Училищу в установленном законодательством порядке обеспечить государственную перерегистрацию в органах юстиции.
3. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

Председатель



Э. Утепов



БҰЙРЫҚ
16 ақпан 2015 ж.
Астана қаласы

ПРИКАЗ
№ *175*
город Астана

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің
«А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысын
бекіту туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1440 қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 11-01-26/309-И ұсынымының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – Училище) қоса беріліп отырған жарғысы бекітілсін.

2. Училище заңнамада белгіленген тәртіппен әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



Э. Өтепов



Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті Төрағасының
2015 жылғы «16 маусым» № 175
бұйрығымен бекітілген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АЛМАТЫ АУДАНЫДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
2015 ж. 15.02
№ 9780-1910-02-01
Алғашқы тіркелген күні: 1999 ж. 10.03
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАЛИНСКОГО РАЙОНА
произведена государственная перерегистрация
юридического лица 23.02 2015 г.
свидетельство № 9780-1910-02-01 ПТК П
Дата первичной регистрации: 10.03 1999
БСН/БИН 990300005469

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің
«А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

Алматы қаласы – 2015 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Училище) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Училище «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 тамыздағы № 1264 қаулысына сәйкес құрылды.

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1440 қаулысына сәйкес Училище Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қайта аталды.

3. Училищенің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Училищенің мүлкіне қатысты субъектінің құқығын республикалық меншік құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Училищені басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Училищенің атауы:

толық:

мемлекеттік тілде – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде – Республиканское государственное казенное предприятие «Алматинское хореографическое училище имени А. Селезнева» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан;

қысқа:

мемлекеттік тілде – «А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК;

орыс тілінде – РГКП «Алматинское хореографическое училище имени А. Селезнева».

7. Училищенің орналасқан жері: 050008, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Масанчи көшесі, 67.

2. Училищенің заңдық мәртебесі

8. Училище мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Училищенің заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтанбасы бейнеленген және Училищенің атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Училище Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

Училище Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Училищемен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Училищенің қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Училище қызметінің мәні білім саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Училище қызметінің мәні мен мақсаты қоғамның хореография өнері саласындағы білікті мамандарға деген әлеуметтік-экономикалық сұранысын қанағаттандыру болып табылады.

14. Училище қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) хореография өнері саласындағы мамандарды даярлау;

2) хореография саласындағы біліктілік пен кәсіби техникалық білім алудағы тұлғаның рухани, зияткерлік және мәдени дамуындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру;

3) қазақ халқының және Қазақстанда тұрып жатқан басқа да халықтар мен ұлттардың мәдениетін, әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін зерделеу үшін жағдай жасау;

4) хореография мұрасын хореографияның барлық жанрын оқу, классикалық, халықтық, қазіргі заманғы және ұлттық би мектептерін дамыту, сонымен қатар отандық және әлемдік хореография өнері саласындағы маңызды жұмыстар мен жаңалықтар болған интеллектуалдық, авторлық, көркемдік-шығармашылық жаңғыртуларды, бағыттарды және еңбектерді сақтау және насихаттау;

5) хореография өнері саласындағы педагогикалық біліктілікті жоғарлату бойынша курстар өткізу;

6) Қазақстанның хореография өнері қайраткерлері, хореография мекемелері, ұйымдары, білім беру мекемелерімен шығармашылық, серіктестік және іскерлік, сонымен қатар концерттік нөмірлерді, концерттік бағдарламалар мен спектакльдерді қою мақсатында, оның ішінде шақырылған Қазақстанның

жетекші балетмейстерлері және шетел мемлекеттерінің хореография өнері саласындағы қайраткерлерімен байланыстарды орнату;

7) халықаралық конкурстар, байқаулар және фестивальдарға қатысу;

8) Училищенің білім алушылары мен оқытушыларының, сонымен қатар Қазақстан және шетел мемлекеттерден шақырылған балетмейстерлердің қатысуымен, концерт нөмірлерін, концерт бағдарламаларын және қойылымдарды қою;

9) Қазақстанның хореографиялық өнерін насихаттау мақсатында оқытушылары мен білім алушылардың Қазақстан аймақтары, шет мемлекеттерде гастрольдік сапарларды ұйымдастыру мен өткізу.

15. Училище осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Училищенің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның директорының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Училище директорының жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Училищені басқару

18. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Училищенің құрылтайшысы болады;

2) Қазақстан Республикасының атынан Училищеге қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Училище қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын Училище түрін айқындайды және Училищенің Жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Училищеге берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Училище мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Училищенің мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге

асырады;

7) Училищеге алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен тенгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Училищені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) Училищеге бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

10) Училищеге бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Училищенің жұмыс істеуі мен оларды басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Училище қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Училище қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын Училищенің түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Училищенің даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Училище мүлкінің сақталуына және Училищенің даму жоспарларының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Училище берген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

6) Училищені басқаруды жүзеге асырады;

7) Училищенің жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Училищені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Училищенің таза табыстың бір бөлігін республикалық бюджетке толық және уақытылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Училище директорының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

11) жыл сайын Училищенің еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Училище директорының ұсынымы бойынша Училище филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындауға және қызметтен бастауға келісім береді;

13) Қазақстан Республикасы заңнамаларымен оның құзыретіне жататын басқа да мәселелерді шешеді.

20. Училищенің органы оның директоры болып табылады.

21. Директорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Тиісті саласының уәкілетті органы Училищенің директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Училище директорының жауапкершілігі айқындалады.

23. Училищенің директоры Училищенің қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

24. Училищенің директоры Училищеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

25. Училищенің директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Училище қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Директор:

1) Училищенің атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарға білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде Училищенің мүлкіне иелік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Училищенің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Училище қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) тиісті саланың уәкілетті органы белгілеген еңбекақы төлеу қоры шегінде штат кестесін, қызметкерлерге сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатураларды ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Училищенің басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Училищенің филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Училище филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

27. Училище алқалық басқарудың нысандары:

1) көркемдік кеңес,

2) педагогикалық кеңес,

3) оқу-әдістемелік кеңес,

4) қамқорлық кеңес болып табылады.

28. Көркемдік кеңес - арнайы пәндер оқытушыларын біріктіретін, кеңесу органы.

Көркемдік кеңес, Халықаралық конкурстарды, байқауларды, фестивальдарды, гастрольдік сапарларды ұйымдастыратын және қабылдайтын, хореография қайраткерлерімен, оқу орындарымен, Қазақстанның, шет мемлекеттердің хореография өнері ұйымдарымен шығармашылық, серіктестік және іскерлік байланыстарды жүзеге асырады. Көркемдік кеңес Училищенің шығармашылық қызметіндегі негізгі бағыттарын айқындайды, білім алушылардың шығармашылық репертуарын жүзеге асырады, Училищенің шығармашылық қызметінің мәселелерін жоспарлайды, арнайы пәндер бойынша білім берудің мазмұнына қатысты кез келген мәселелер, соның ішінде білім алушылардың келесі сыныпқа (курсқа) ауысуын не оларды кәсіби жарамсыздығы үшін оқудан шығару мәселесі бойынша шешім қабылдайды және педагогикалық кеңеске ұсыныс береді.

Көркемдік кеңестің құрамы: директор, көркемдік жетекші, әдістемелік жұмыс жетекшісі, арнайы пәндер бөлімінің меңгерушісі, кәсіптік практика меңгерушісі, арнайы бөлімнің әдіскерлері, арнайы пәндердің циклдік комиссияларының басшылары, арнайы пәндер оқытушылары кіреді.

Көркемдік жетекші – директордың бұйрығымен тағайындалатын және босатылатын көркемдік кеңестің төрағасы болып табылады.

Көркемдік жетекші көркемдік кеңестің жұмыс жоспарын жасайды.

29. Педагогикалық кеңес – сапалы оқу-тәрбие жұмысы, еңбек нарығының қажеттілігін, экономика және мәдениеттің даму перспективаларын, сондай-ақ маманның тұлғалық-бағдарлық білімі мен тәрбиесіне қатынасын ескере отырып, мамандарды даярлаудың сапасын тұрақты жетілдіру үшін барлық ұжымның күш-жігерін біріктіретін кеңесу органы.

Училищенің педагогикалық кеңес құрамына: директор (төраға), директордың орынбасарлары, көркемдік жетекші, бөлім меңгерушілері, оқытушылар, әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері, интернат пен жатақхана меңгерушілері, дәрігер, ата-аналар комитетінің өкілдері, студенттік кеңес төрағасы кіреді.

Педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін, педагогикалық кеңестің отырысында қаралатын және директор бекітетін жоспар бойынша жүргізіледі.

Педагогикалық кеңес директор белгілеген мерзімдерде, бірақ екі айда кемінде бір рет жиналады. Педагогикалық кеңестің отырыстарында таткыланатын мәселелер бойынша орындалу мерзімдері мен орындауға жауапты тұлғаларды көрсете отырып шешімдер шығарылады.

Педагогикалық кеңестің шешіі жай дауыс беру арқылы қабылданады және оларды директор бекіткеннен кейін күшіне енеді.

30. Училищенің оқу-әдістемелік кеңесі (бұдан әрі - ОӘК) оқу-әдістемелік жұмыс бойынша директордың жанындағы тұрақты әрекет ететін ұжымдық орган болып табылады.

ОӘК Училищенің оқу-әдістемелік бірлестігін үйлестіреді, ол Училишедегі әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарын айқындайды, әдістемелік жұмыс саласындағы оқу процесіне қатысатын Училищенің құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылын қарым-қатынасын үйлестіреді, оқу-әдістемелік құралдарды, үлгілік оқу жоспарларын әзірлеумен және оқу-әдістемелік құжаттаманы жасаумен айналысады, хореография өнері саласындағы педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарын өткізеді. Оқу процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің перспективалы бағыттарын енгізуге ықпал етеді, ғылыми-педагогикалық, ғылыми - практикалық конференцияларды, ашық сабақтарды, семинарларды дайындау мен өткізумен айналысады.

ОӘК өз қызметінде тиісті саланың уәкілетті органының нормативтік құжаттарын, сондай-ақ Училищенің Жарғысын, директордың бұйрықтары мен өкімдерін басшылыққа алады. ОӘК-нің жұмысын төраға, ол болмаған кезде төрағаның орынбасары басқарады. ОӘК білім сапасын қамтамасыз ету саласында Училищенің мақсаттары мен міндеттерінің негізінде жасалатын жылдық жоспарға сәйкес жұмыс істейді. Жылдық жоспарды ОӘК-нің басшысы әзірлейді, Училищенің директоры бекітеді.

31. Қамқоршылық кеңес - еріктілік, тең құқықтық, жариялылық және атқалылық қағидаттарында әрекет ететін білім беру мекемесін басқарудың қоғамдық нысаны.

Қамқорлық кеңес училищенің тиімді жұмыс істеуі мен дамуына ықпал ету, Қазақстанның білім беру, ғылыми және мәдени орталық ретіндегі қоғамдық-саяси өмірінде А.В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің ролін арттыру мақсатында құрылады. Қамқоршылық кеңес қоғамдық-консультативтік орган ретінде әрекет етеді, Училищенің перспективалы даму мәселелерін шешуге қатысады. Қамқоршылық кеңес Училище дамуының өзекті міндеттерін шешеді, білім беру процесіне қатысушылар құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылауды қамтамасыз етеді.

Қамқоршылық кеңестің құрамына жергілікті атқарушы және заң шығарушы билік органдарында, кәсіпкерлік, қаржылық және ғылыми орталарды, бұқаралық ақпарат құралдарында, қоғамдық бірлестіктер мен

тұрғындарда, оның ішінде меншік нысандарына қарамастан шетелдік паспортында, ұйымдарда және мекемелерде жұмыс істейтін тұлғалар, Училищенің өкілдері кіруі мүмкін.

Қамқоршылық кеңестің құрамына Училище директоры, оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда сол сәтте директорды алмастыратын тұлға кіреді.

Қамқоршылық кеңестің шешімдері Қамқоршылық кеңестің отырысына қатысып отырған мүшелерінің көпшілік даусымен ашық дауыс беру жолымен қабылданады.

5. Училищеге қабылдау және шығару тәртібі

32. Училищеге Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық шарттарда, келісімдерде белгіленген тәртіппен, сондай-ақ бастауыш білімі, негізгі жалпы білімі, жалпы орта білімі немесе бастауыш хореографиялық білімі, кәсіби хореографиялық дағдылары бар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар келісім-шарттар бойынша қабылданады.

Басқа шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар Училищеге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, сондай-ақ Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық шарттармен қабылданады.

33. Училище «Хореография өнері» мамандығының «Балет әртісі», «Би ансамблінің әртісі» біліктілігі бойынша дайындайды.

«Хореография өнері» мамандығының «Балет әртісі», «Би ансамблінің әртісі» біліктілігі бойынша оқуға түсу жылында бастауыш жалпы білімінің 3-4 сыныптарын бітірген тұлғалар (9-10 жас аралығы) қабылданады. Оқу мерзімі 7 жыл 10 ай, ол оқытудың екі сатысын қамтиды:

1) 1-сатыдағы оқу мерзімі-«хореографиялық мектеп» 5 жылды (5-9 сыныптар) құрайды және бастауыш кәсіптік білімді ала отырып, негізгі жалпы білімді алу мерзіміне сәйкес келеді. Оқытудың кәсіптік бағдарламасын меңгергендер 2 - сатыға ауыстырылады;

2) 2- сатыдағы оқу мерзімі- (негізгі жалпы білімнің базасында) 2 жыл 10 ай (1-3 курс) оқуға негізгі жалпы білімнің 9-сыныбын бітірген (14-16 жас аралығы) бастауыш хореографиялық білімі бар тұлғалар «Балет әртісі», «Би ансамблінің әртісі» біліктіліктеріне қабылданады;

34. «Би ансамблінің әртісі» біліктілігі бойынша негізгі жалпы білімнің 9 сыныбын бітірген (14-16 жас аралығы) бастауыш хореографиялық білімі бар (хореографиялық мектеп, лицей, гимназия, студия) тұлғалар қабылданады.

35. Қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

36. Азаматты Училищеге қабылдаған кезде, Училищенің басшылығы оны және оның ата-аналарын (немесе, оларды алмастыратын тұлғаларды)

Жарғымен, Қабылдау қағидаларымен және Училищедегі білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

37. Училищеге азаматты қабылдаған кезде, Училище оған директор бекіткен жатақхана (интернат) туралы ережеге сәйкес жатақхана береді.

38. Білім алушылар Училищеден келесі жағдайларда шығарылуы мүмкін:

1) өз еркімен;

2) ДКК-нің анықтама-қорытындысы негізінде денсаулығының жай-күйіне байланысты;

3) басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;

4) аралық аттестация нәтижелері бойынша 3-тен астам қанағаттанарлық емес баға алған білім алушы, Училище директорының бұйрығымен педагогикалық кеңес шешімімен, оған бекітілген үлгідегі анықтама қағаз беріліп, Училищеден шығарылады;

5) Училищенің Жарғысын және ішкі тәртіп қағидаларын бұзғаны үшін;

6) Училище мен ақылы оқу формасында оқитын білім алушының шарт талаптарын және өзге де қолданыстағы заңнамаларды орындамаған кезде.

39. Білім алушылардың сырқаты, демалысы, академиялық демалысы кезінде оқудан шығаруға болмайды.

40. Басқа хореографиялық оқу орындарынан шығарылған тұлғаларды Училищеде оқуын жалғастыруға қабылдау, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаған жағдайда, Училище қабылдау тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

41. Мемлекеттік қорытынды аттестациядан өткен білім алушы, мемлекеттік аттестация комиссиясының шешімі негізінде дипломға қосымша біліктілігі мен мамандығына сәйкес, орта кәсіби білім туралы мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

6. Білім беру қызметін ұйымдастыру

42. Училище Білім туралы заңда белгіленген шеңберде оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруды дербес таңдайды.

43. «Хореография өнері» мамандығы бойынша кәсіптік білім беру бағдарламасын игеру нысаны - күндізгі.

44. Училищеде білім беру қызметі оқу жоспарларының негізінде жүзеге асырылады және директор бекітетін оқу процесінің жылдық кестесімен регламенттеледі.

45. Білім алушылардың сабақ тәртібі - 6 күндік оқу аптасы.

46. Училищедегі сабақ кестесі оқу семестріне әзірленеді және Училище директорымен бекітіледі.

47. Білім алушылардың білімін бақылау жүйесіне бақылау жұмыстары (назбаша және ауызша), тестілер, бақылау сабақтары, саралау сынақтары, оқу жылының тоқсаны және семестрлері бойынша білімін есепке алу кіреді.

48. Жақсы оқыған жағдайда 1-3 курстарда білім алушылар белгіленген тәртіппен стипендия алуға құқылы.

49. Оқыту тіліне қарамастан, Училище білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес білім алушылардың мемлекеттік тілді меңгеруін қамтамасыз етуі тиіс.

50. Білім алушылар теориялық білімді, практикалық дағдыларды меңгеруге, белгіленген мерзімде оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларында көзделген тапсырмалардың барлық түрін орындауға, ұлттық және жалпы азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды құрметтеуге, Ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

51. Ата-аналар және өзге де заңды өкілдер Училищеден өз балаларының тәртібі, тәртібі және оқу жағдайларына қатысты ақпаратты алуға құқығы бар.

52. Ата-аналардың оқу сабақтары мен емтихандарға кіруі оқытушылардың рұқсатымен жүзеге асырылады.

7. Оқу процесі қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

53. Білім алушылар, ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің педагог қызметкерлердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі қолданыстағы заңнамамен, осы Жарғымен және Ішкі тәртіп ережелерімен және Училищенің директорының басқа да актілері анықталады.

54. Білім алушылар:

- 1) сапалы білім алуға;
- 2) Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға;
- 3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;
- 4) өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;
- 5) Училищені басқаруға қатысуға;
- 6) қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан басқасына ауысуға;
- 7) заңнамамен белгіленген тәртіпте Училищенің ақпараттық ресурстарын тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;
- 8) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алуға;
- 10) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- 11) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

12) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін рәтермеленуге және сыйақы алуға;

13) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруге;

14) оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыруға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметке шақырылу мерзімін кейінге қалдыруға құқығы бар.

55. Медициналық айғақтар бойынша және өзге де ерекше жағдайларды білім алушыға академиялық демалыс берілуі мүмкін.

56. Білім алушылар:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге;

2) ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, осы Жарғыда және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;

3) өзінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға ;

4) педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, Кәсіпорынның дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

57. Білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін оларға білім беру ұйымының ішкі тәртібінің ережелерімен және Кәсіпорынның Жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін, Кәсіпорыннан шығаруға дейін.

58. Училище білім алушылардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне оқу және тәрбие процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ білім алушылардың тәртібі мен үлгерімімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

59. Училищенің оқытушылары:

1) тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

4) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

5) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін тұрақты жетілдіріп отыруға;

6) қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;

7) педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;

8) оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының бұйрығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

60. Міндеттері мен педагогтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында және еңбек шартында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

61. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды боспағанда, педагог қызметкерлерді өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейд.

62. Училищенің оқытушыларының:

1) кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;

2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

3) жеке педагогтік қызметке;

4) өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;

5) ғылыми қызметпен айналысу үшін педагогтік стажы сақтала отырып, шығармашылық демалыс алуға;

6) білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне бағынудан тыс;

7) тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;

8) ұзақтығы төрт айдан аспайтын, бес жылда кем дегенде бір рет біліктілігін арттыруға;

9) санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;

10) педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түріндегі моральдық және материалдық көтермеленуге;

11) әскери қызметке шақырылу мерзімінің кейінге қалдырылуына құқығы бар.

63. Педагог қызметкерлердің білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу пиғылымен пайдалануына тыйым салынады.

8. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесін және тәртібі

64. Училище ақысыз білім беру қызметтерін ұсынумен қатар, Білім туралы заңға сәйкес ақылы қызметтерді көрсетеді.

65. Ақылы білім беру қызметтерін іске асырумен байланысты, Кәсіпорын мен білім алушының, оның ата-анасы немесе заңды өкілдердің өзара қарым-қатынастары білім беру деңгейін, оқу мерзімін, оқуға төленетін ақы мөлшерін,

өзге де жағдайларды айқындайтын шартпен реттеледі.

66. Ақылы білім беру қызметтерді көрсету тізбесі осы Жарғының 3-бөлімі 14-тармағымен айқындалады.

9. Училищенің мүлкі

67. Училищенің мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Училищенің активтері құрайды.

68. Училище мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Училище қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

69. Училище мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктің;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

70. Училищенің жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

71. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

72. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнім мен кірістері, сондай-ақ Училище шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Училищенің жедел басқаруына түседі.

73. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Училищеге бекіту туралы шешім қабылдаған, Училищеден мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

74. Училищенің негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

75. Училищенің мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 14-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

76. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Училищеден жедел басқару құқығында бекітілген

мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

77. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Училищеге оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілеуге құқылы.

78. Осы Жарғының 74-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

79. Училище оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға қатысты жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

10. Училищенің қызметін қаржыландыру

80. Училищенің қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

81. Училищенің таза табысының бір бөлігін аудару нормативін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

Училищенің таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы тиіс.

Училище таза табысының бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

82. Училище өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

83. Училище өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен белгіленеді.

84. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Училищенің Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы Училище алынған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

11. Училищенің жарғылық капиталы

85. Училищенің жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

12. Училищенің есепке алуы мен есептілігі

86. Училищенің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін беру Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Училищенің директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

87. Училищенің жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

13. Училищенің жауапкершілігі

88. Училище өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы бюджет қаражатымен субсидиялық жауаптылықта тұрады.

14. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

89. Училищенің әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

90. Училищенің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына сәйкес келмеуі тиіс.

15. Училище қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

91. Училищенің еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті органы уәкілетті органы белгілейді.

Училище қызметкерлеріне еңбекақы төлеу «Азаматтық қызметшілерге, әлеуметтік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысымен бекітілген еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес жүргізіледі.

16. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

85. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

86. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

87. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

17. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

88. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Директор Г.Н. Базарбаева





Утвержден
приказом Председателя Комитета
государственного имущества и
приватизации Министерства финансов
Республики Казахстан
« 16 » феврале 2015 года
№ 175

У С Т А В

**Республиканского государственного казенного предприятия
«Алматинское хореографическое училище имени А. Селознева»
Министерства культуры и спорта Республики Казахстан**

город Алматы 2015 год

1. Общие положения

1. Республиканское государственное казенное предприятие «Алматинское хореографическое училище имени А. Селознева» Министерства культуры и спорта (далее - Училище) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Училище создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 августа 1999 года №1264 «О реорганизации учреждений Министерства здравоохранения, образования и спорта Республики Казахстан».

